

## Көшелерге атау беру туралы

Атырау облысы Индер ауданы Өрлік ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 22 қазандағы № 17 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 03 қарашада № 3331 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 - бабының 4) тармақшасына, Атырау облыстық ономастика комиссиясының 2015 жылғы 19 тамыздағы қорытындысына сәйкес Өрлік ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Өрлік ауылдық округінің Өрлік ауылындағы көшелерге:

- 1) № 17 көшесіне Ұлы Отан соғысының ардагері Нәпи Ғабдиевтің есімі берілсін;
- 2) № 18 көшесіне Ұлы Отан соғысының ардагері Ғилым Шахмановтың есімі берілсін.

Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Округ әкімі*

*Е. Сабиров*